

"Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа пайдалылығын мемлекеттік сынау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 наурыздағы № 239 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 4-2/416 бұйрығын қараңыз.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа пайдалылығын мемлекеттік сынау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты б е к і т і л с і н .

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С.Ахметов*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 1 4 н а у р ы з д а ғ ы
№ 2 3 9 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

«Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа пайдалылығын мемлекеттік сынау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа пайдалылығын мемлекеттік сынау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға арналған құжаттарды қабылдау Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі – Мемкомиссия) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды тапсырған сәттен бастап;

2) көрсетілетін қызметті алушының деректері бойынша ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттарын сынауды және бағалауды өткізу кезінде – бір жылға дейін;

3) мемлекеттік сорт сынау деректері бойынша ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттарын сынауды және бағалауды өткізу кезінде – үш жылдан кем емес (екі вегетациялық кезең);

4) қажетті құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минуттан аспайды;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 минуттан аспайды;

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – құнды шаруашылық белгілер кешені бойынша сортты пайдалануға рұқсат беру туралы Мемкомиссия қорытындысының негізінде шығарылатын, Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген Мемлекеттік селекциялық жетістіктер тізіліміне сортты енгізу туралы көрсетілетін қызметті беруші бұйрығының көшірмесі не Мемкомиссияның сортты одан әрі сынақтан алу негіздемесі бар қағаз тасығыштағы қорытындысы.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін

қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға жіберуге өтініш, екі данада;

2) көрсетілетін қызметті алушының деректері бойынша ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттарын сынауды және бағалауды өткізу кезінде – топырақ-климаттық параметрлері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жағдайларына ұқсас жағдайларда жүргізілген басқа мемлекеттердің уәкілетті органдарының ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сортын сынаудың оң нәтижелерін растайтын құжаттама;

3) селекциялық жетістікті шаруашылықта пайдалылығы тұрғысынан мемлекеттік сынауға беру туралы Ғылыми кеңес отырысының хаттамасынан үзінді (ғылыми ұйымдар үшін) бір данада;

4) селекциялық жетістік сауалнамасы, екі данада (тиісті дақылдарға сәйкес);

5) тиісті тек және түріне арналған нысан бойынша селекциялық жетістіктің сипаттамасы, екі данада;

6) гүлдердің, гүл шоғырларының, өсімдіктердің репродуктивтік бөліктердің және шаруашылықта пайдалану сатысында жақсы дамыған өсімдіктің сорт атауы көрсетілген масштабты сызғышы бар ақ фонда түсірілген суреттері (сурет өлшемі 9 x 12 немесе 13 x 18);

7) сортқа/буданға технологиялық анықтама;

8) өтінім беруге құқықты растайтын құжат (құқықтық мирасқорлар және делдалдар үшін);

9) генетикалық түрлендірілген объектілердің (жүгері, дәнді бұршақ, майлы, көкөніс дақылдары бойынша) қамтылуына жүргізілген сараптама нәтижелері;

10) тұқым үлгілері.

Мемкомиссия кеңсесі осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдайды және көрсетілетін қызметті алушыға:

1) құжаттардың қабылданған күні мен нөмірін;

2) сұратылатын мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрін;

3) құжаттардың саны мен атауларын;

4) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күнін (уақытын);

5) құжаттарды қабылдаған Мемкомиссияның жауапты адамының тегін, атын, әкесінің атын (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса) көрсете отырып

тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасы ұсынылған кезде Мемкомиссия көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды алған сәттен бастап екі ай ішінде құжаттар топтамасына алдын ала сараптама жүргізеді.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің, Мемкомиссияның және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану, шағым:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша не 010000, Астана қаласы, Оң жақ жағалау, Кенесары көшесі, 36, 301-кабинет мекенжайы, телефоны: 8 (7172) 55-57-63 бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша интернет-ресурста орналасқан көрсетілетін қызметті беруші басшысының блогына;

3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Мемкомиссия кеңсесіне өтініш беру арқылы не 010000, Астана қаласы, Сол жағалау, Орынбор көшесі, 8, 17 В блогы, 309-кабинет мекенжайы, телефоны: 8 (7172) 50-26-10 бойынша Мемкомиссия төрағасының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол немесе жазбаша хабарламалардың не басқа құжаттардың көшірмелерімен бірге Мемкомиссияның кеңсесінде қабылданады.

Шағымда көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), пошталық мекенжайы, шағым берілген күні және көрсетілетін қызметті алушының қолы көрсетіледі.

Қабылданған шағым көрсетілетін қызметті берушінің және Мемкомиссия кеңсесінің жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеу, есепке алу және қарау журналында тіркеледі.

Мемкомиссияның кеңсесіне шағымды тапсырған кезде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға күні мен уақыты, шағымды қабылдаған лауазымды адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беру шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті

алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошталық байланыс арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескерілген өзге талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

- 1) Министрліктің www.minagri.gov.kz;
- 2) Мемкомиссияның www.goscomsort.kz. интернет-ресурсында орналасқан.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты а л у м ү м к і н д і г і б а р .

14. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтердің байланыс телефондары www.minagri.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа пайдалылығын мемлекеттік сынау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылы министрлігінің Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы (010000, Астана қаласы, Орынбор көш., 8, 17 В блогы)

Өтінім нөмірі

--	--

Тіркелген күні

--	--	--	--	--	--

Селекциялық жетістікті пайдалануға жіберуге өтініш

Өтініш беруші(лер)

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), заңды тұлғаның атауы және мекенжайы)

Азаматтығы

Өтінім бойынша хат алмасу мекенжайы

Телефон телефакс телекс
1. Селекциялық жетістік оригинаторының атауы және қатысу үлесі %-да

Мекенжайы

Телефон телефакс телекс
2. Селекциялық жетістік оригинаторының атауы және қатысу үлесі %-да

Мекенжайы

Телефон телефакс телекс
Тек, түр (орысша атауы)

Тек, түр (латынша атауы)

Ұсынылып отырған атауы

Селекциялық нөмірі

Автор(лар) (егер автор(лар) өтініш беруші(лер) болып табылмаса

Тегі	Аты	Әкесінің аты	Үйінің мекенжайы	Қатысу үлесі, %

Мендегі (біздегі) бар ақпарат бойынша басқа авторлары жоқ

Алдыңғы өтінімдер	Тіркелген		Өтінім нөмірі	Кезеңі	Қандай атаумен
	елі	күні			
Қорғауды беруге					
Пайдалануға жіберуге					

Мен (біз) бірінші өтінімде берілген материал осы сортты білдіретінін және осы өтінімге сәйкес екендігін мәлімдеймін(міз)

Оригинатор ұсынып отырған сынақ өткізу (пайдалану) салалары

Мен (біз) селекциялық жетістікті шаруашылыққа пайдалылығы бойынша мемлекеттік сынақтан өткізуді өтінемін(міз).

Мен (біз) менде (бізде) бар мәліметтер бойынша осы өтінімді қарауға қажетті және осы өтінішке және қосымшаға енгізілген ақпарат түпкі және дұрыс екендігін мәлімдеймін(міз).

Мен (біз) үлгілердің тиісінше алынғандығын және сорттың сәйкес іріктелгенін растаймын(мыз).

Мен (біз) тіркеу сынақтарын және Мемкомиссия мен оның инспектураларының рұқсат қағаздары

бойынша шаруашылыққа пайдалылығына сынақ жүргізу үшін тұқымның қажетті мөлшерін, сондай-ақ сортты сақтауға эталондық үлгісін өтеусіз беруге міндеттенемін.	Өтініш берушінің (берушілердің) қолы (колдары)
-----	-----
-----	-----
-----	-----
-----	-----
-----	-----
-----	-----
-----	-----
Мөр орны _____	-----

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4 ж ы л ғ ы 1 4 н а у р ы з д а ғ ы м

№ 2 3 9 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Фитосанитариялық қауіпсіздік және тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 мамырдағы № 485 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 37, 451-құжат).

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 305 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 35, 472-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 8 тармағы

3. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 ақпандағы № 84 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 14, 252-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 4-тармағы.

4. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 23 желтоқсандағы № 1386 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 3 тармағы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК